

КЕЛІСІЛДІ

**Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары**

А.Б.Муратова
«30» 06 2026 ж.

Бекітемін

**Жүсіпбек Елебеков атындағы
республикалық эстрада-цирк
колледж директоры**

Ж.Сейдуллаұлы
«30» 06 2026 ж.

Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің
педагогикалық кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды

№4 хаттама

«30» маусым 2026 ж.

**2026-2027 оқу жылына шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде
02150300 «Вокалдық өнер» мамандығы,
4S02150302 «Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің
оқытушысы» біліктілігі бойынша емтиханды бағалау критерийлері**

ӘЗІРЛЕНДІ

«Халық әні және аспаптар» ПЦК

Хаттама №12

«19» 06 2026 ж.

Баға	Бағалау деңгейі	Критерийлері
«5»	Өте жақсы	• Әнді жоғары деңгейде, көркем әрі сенімді орындайды; • Интонациялық тазалық толық сақталады, дауыс мүмкіндігін еркін пайдаланады; • Әншілік тыныс пен фразалауды дұрыс қолданып, музыкалық ойды нанымды жеткізеді; • Дикциясы анық, мәтіннің мазмұны мен көркемдік ерекшелігін аша біледі; • Халық әнінің дәстүрлі орындаушылық стилін сақтайды; • Сахналық мәдениеті жоғары, орындаушылық шеберлігі айқын көрінеді
«4»	Жақсы	• Әнді талапқа сай орындайды, біршама кемшіліктер кездесуі мүмкін; • Интонациясы негізінен таза, дауыс дыбысталуы біркелкі; • Тыныс алу мен фразалауды дұрыс қолданады; • Мәтінді анық жеткізеді, көркемдік мазмұнын аша алады; • Халық әнінің стильдік ерекшеліктерін сақтайды; • Сахнада өзін еркін ұстайды.
«3»	Қанағаттанарлық	• Әнді орындауда бағдарламалық талаптарды жалпы орындайды; • Интонациялық және ырғақтық дәлсіздіктер кездеседі; • Дауыс мүмкіндігін толық пайдалана алмайды, тыныс алу техникасында кемшіліктер байқалады; • Мәтіннің айтылуы түсінікті болғанымен, көркемдік әсері жеткіліксіз; • Халық әнінің орындаушылық ерекшеліктері толық сақталмайды; • Сахналық мәдениеті орташа деңгейде.
«2»	Қанағаттанарлықсыз	• Әнді орындау барысында елеулі интонациялық және ырғақтық қателіктер жібереді;

		• Дауысты дұрыс қолдану дағдысы қалыптаспаған, тыныс алу техникасын сақтамайды; • Ән мәтінін толық меңгермеген немесе анық жеткізе алмайды; • Әннің көркемдік мазмұны мен мінезін аша алмайды; • Халық әнінің дәстүрлі орындаушылық ерекшеліктерін сақтамайды; • Сахналық мәдениеті төмен, орындаушылық дайындығы емтихан талаптарына сай келмейді.
--	--	---

Бағалау көрсеткіштері

1. Интонациялық тазалығы (әуенді таза әрі дәл орындауы);
2. Дауыс сапасы және дауыс қоя деңгейі (тембрі, дыбыстың еркіндігі, диапазонды меңгеруі);
3. Әншілік тыныс алу техникасын меңгеруі;
4. Дикциясы және мәтінді анық жеткізуі;
5. Музыкалық-көркемдік бейнені аша білуі;
6. Халық әнінің дәстүрлі орындаушылық ерекшеліктерін сақтауы;
7. Репертуарды меңгеру деңгейі;
8. Сахналық мәдениеті мен орындаушылық шеберлігі.

«Халық әні және аспаптар» ПЦК төрағасы



Т.Қ.Әбуғазы